


«Салтанат» бөбекжай-бақшасы» МКҚК

«БАЛАНЫҢ БАЛАБАҚШАҒА БЕЙІМДЕЛУІ»
КЕҢЕСІ



Мекен- жайымыз: Петропавл қаласы
Брусилов көшесі- 44 үй
Байланыс телефонымыз:
8(715 2) 46-34-63

- ✓ Тәрбиешілерге бала туралы толық мәлімет беріп, оның ерекшеліктерін айтыңыз, оларға сенім білдіріп, бірлесе әрекет етіңіз;
- ✓ Кез келген жағдайда тепе-теңдік сақтауға тырысып, қатты алаңдамаңыз, себебі сіздің алаңдауыңыз балаға беріледі;
- ✓ Баламен жиі әңгімелесуге уақыт табыңыз, күнде топта болған жағдайларды сұрастырып, айтылған жайттарды үйде қайталап, өрісін кеңейтуге ұмтылыңыз, жағымды сәттерге баса назар аудартып, бірлесе ойнау арқылы жақын эмоционалды қатынасқа қол жеткізіңіз;
- ✓ Бала үйде болғанда махаббат пен қамқорлыққа бөлеңіз (жылы сөйлеу, зейінді тыңдау, тактильді және көздік контакт жасау) және қауіпсіздікті қамтамасыз етіңіз (міндетті түрде балабақшадан алып кететіндігіңізді айтып, белгіленген уақытта келіп отырыңыз, балабақшаны жағымсыз бейнеде танытпаңыз);

- ✓ Әрқашан баланың қарым-қатынас аясын кеңейту керек, басқа адамдарға жағымды қатынас қалыптастырып, үй ауласында таза ауада жиі серуендеп, сүйікті ойыншықтарын топта ойнауға беріп, дәруменге толы әртүрлі тамақ дайындап, денсаулығын күнделікті қадағалап отырыңыз;
- ✓ Демалыс күндері де күн тәртібін сақтаңыз, баланың тұру уақытын 30-40 минутқа ғана кешеуілдеткен жөн;
- ✓ Үйде баланың кез келген дербестігін, өз бетінше әрекет етуін қолдап, ынталандырыңыз.